

А.Н. Байқадам*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан* <https://orcid.org/0009-0001-1210-7820>email: asylzat_b@mail.ru**Н.С. Байқадамов***Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті
Қызылорда, Қазақстан* <https://orcid.org/0009-0007-6866-5112>email: nauryzbaybaykadamov@gmail.com

ДЕНЕ ТІЛІН БЕЛГІЛЕЙТІН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ АНТОНИМДІК ЖҰПТАРЫНЫҢ МОДЕЛЬДЕРІ ЖӘНЕ АУДАРМАСЫ

Аңдатпа. Соматикалық фразеологизмдер мәселесін қарастыруда адамның дене мүшелері арқылы көрінетін тұрақты тіркестердің семантикалық және экспрессивтік мүмкіндіктері ашыла түседі. Тіл-тілдегі фразеожүйенің бойындағы түрлі семантикалық, экспрессивтік қасиет олардың синонимдік-антонимдік жұмсалым қатарынан жиі орын алады. Сол себепті әртіпте, атап айтқанда, қазақ-ағылшын тілдеріндегі дене тілін белгілейтін фразеологизмдердің антонимдік қатынасын, олардың аудармадағы сөздік түзілісін қарастыру ізденіс бағытының өзектілігін танытады. Зерттеудің мақсаты – дене тілін белгілейтін фразеологизмдердің семантикалық ұйымдасуын айқындау, антонимдік жұптарының құрылымдық модельдерін жасақтау, сондай-ақ аударма үдерісіндегі баламалылық деңгейлерін анықтау. Зерттеу барысында қазақ және ағылшын тілдеріндегі 5 негізгі сомаға қатысты дене тілін белгілейтін фразеологизмдер іріктеліп, олардың ішінен антонимдік жұп ретінде екі тілден 52 мысал айқындалды. Оларды белгілі бір топтарға бөлу – қандай да бір айырмашылық белгілері негізінде қарастырылатынына байланысты фразеологиялық антонимдердің модельдері ұсынылды. Мысалы, *көзі ілінді – көз ілмеді* қарама-қарсы жұп ретінде сипатталады; эмоциялық қабылдауда *оң қабағын берді – теріс қабақ білдірді, жүзі жадырады – жүзі суыды, іші қыж-қыж қайнады – іші мұздады, баршылық пен жоқшылықты сипаттайтын қолы ұзын – қолы қысқа, маңдайының бес елі бағы бар – маңдайының бес елі [бес батпан] соруы бар* қарама-қарсылық

принципіне сәйкес қарастырылды. Әдіснамалық негіз ретінде салыстырмалы-салғастырмалы талдау, семантикалық талдау және лексикографиялық сипаттау әдістері қолданылды. Бұл үдерістерден экспрессивтік реңк және компоненттік ерекшеліктері анықталып, антонимдік жұптардың модельдері (болымдылық/болымсыздық, сапалық оппозиция, кеңістік метафорасы) жасақталды. Аударматану тұрғысынан 26 антонимдік жұптың баламалылығы үш деңгейге жіктелді: толық балама – 12, жартылай балама – 14, нөлдік балама – 0. Зерттеу нәтижесінде соматикалық фразеологизмдердің антонимдік жұптарын берудің лексикографиялық үлгісі ұсынылып, онда бірліктердің семантикалық өрісі, экспрессивтік реңкі және құрылымдық типі жүйеленді. Ұсынылған модельдер қазақ-ағылшын екітілді фразеологиялық сөздіктерді жетілдіруге және фразеографияда антонимдік қатарларды жүйелеуге мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: фразеологизм; соматизм; антонимдік модельдер; аудармадағы баламалылық, сөздік.

Мүдделер қақтығысы:

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Мақаланың тарихы:

Түскен мерзімі: 13.05.2026

Баспаға қабылданған мерзімі: 13.08.2026

Кіріспе

Фразеологизмдердің мағыналық ұйымдасуы көбіне синонимдік және антонимдік қатынастар арқылы көрінеді. Осы жүйені салыстырмалы түрде зерттеу екі тілдің семантикалық құрылымындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі тіл білімінің даму кезеңі лингвисттердің семантикалық универсалийлерді зерттеуге ерекше назар аударуымен сипатталады. Солардың қатарына жататын антонимия құбылысы бүгінгі күнге дейін толық зерттелмеген, оның жекелеген қырлары ғалымдардың еңбектерінде әртүрлі ғылыми көзқарас тұрғысынан қарастырылып келеді.

Қазақ тіліндегі антонимиялық қатынастар белгілі бір деңгейде Ж. Мусин (1970), Қ. Аханов (1993), А. Жұмабекова (1995), Ә. Болғанбаев пен Ғ. Қалиев (2006), Н. Тукешова (2022) сынды ғалымдардың зерттеулерінде көрініс тапқан. Отандық ғылымда антонимдерді зерттеуге айтарлықтай үлес қосқан ғалымдардың бірі ретінде Ж. Мусинді атап өтуіміз керек. Ғалым антонимдерді тілдегі ерекше құбылыс ретінде қарастырып, оларды мағынасы жағынан бір-

біріне жақын, бірақ үнемі қарама-қарсы мәнде қолданылатын, біртекті сапалық ұғымдарды білдіретін сөздер деп сипаттайды (Мусин, 1970, б. 52).

Әртіпес тілдердегі антонимиялық құбылыстың көрініс табу ерекшеліктерін түсіну үшін ұлттық ерекшелікті ескеру аса маңызды. Бұл, ең алдымен, салыстырылып отырған тілдердің тасымалдаушыларына тән дүниетаным ерекшеліктерін назарға алуды талап етеді. Аталған факторлар белгілі бір тілге ғана тән өзіндік сипаттағы қарама-қарсылықтардың қалыптасуын және олардың тілдік жүйеде көрініс табуын айқындайды (Жумабекова, 1995, б. 5).

Антонимдік қатынастар әртүрлі семантикалық топтарда байқалады. Әсіресе мінез-құлық қасиеттеріне байланысты адамды сипаттайтын фразеологизмдер арасында антонимия кеңінен таралған.

Зерттеудің мақсаты – дене тілін белгілейтін фразеологизмдердің семантикалық ұйымдасуын айқындау, антонимдік жұптарының құрылымдық модельдерін жасақтау, сондай-ақ аударма үдерісіндегі баламалылық деңгейлерін анықтау.

Фразеологиядағы антонимия құбылысына қатысты зерттеулер А.И. Молотков (1968), А.И. Алехина (1968), А.М. Эмирова (1971), А.В. Кунин (1972), Г.И. Волкотруб (1991), Е.Р. Мардиева (2003), Н.Ф. Алефиренко (2009) және т.б. ғалымдардың еңбектеріне арқау болған. Фразеологиялық антонимияны зерттеу барысында лексикалық антонимия теориясын назардан тыс қалдыру мүмкін емес, себебі фразеологизмдердегі семантикалық қарама-қайшылық оның бойындағы лексемалардың өзара антонимдігіне негізделеді. Лексикалық антонимия заңдылықтары арнайы ғылыми мәселе ретінде көптеген ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Атап айтқанда, Л.А. Новиков (1974), Дж. Лайонз (1978), Д.А. Круз (1986), Е.Н. Миллер (1990), М. Оразов (1991), Г.Б. Антрушина (2001), Р.М. Закирова (2001), С. Джонс (2002), М.Л. Мёрфи (2003), З.Т. Жабелов (2006), О.Н. Лихачева (2006), Ж. Осмонова (2007), Ш. Жапаров (2013), И.В. Арнольд (2023) және басқа да зерттеушілердің ғылыми еңбектерінде бұл бағыт кеңінен талданған.

1990-жылдардың басында Е.Н. Миллер антонимия құбылысын фразеологиялық деңгейде арнайы зерттеу қажеттілігіне назар аударып, соған сәйкес фразеологиялық антонимдер сөздігін құрастырудың өзектілігін негіздеп көрсетті. Ол өзінің «Природа лексической и фразеологической антонимии» («Лексикалық және фразеологиялық антонимияның табиғаты») еңбегінде алғаш рет лексикалық және фразеологиялық антонимияны жан-жақты ажыратып көрсетіп, оларды мағыналық саласының ортақтығы мен категориялық-грамматикалық ұқсастығы негізінде бірігетін қарама-қайшы жұптар ретінде анықтады (Миллер, 1990, б. 17).

Қазіргі тіл білімінде антонимия құбылысы лексикалық деңгеймен шектелмей, фразеологиялық жүйеде де кеңінен қарастырылады. Көптеген зерттеулерде антонимдердің негізгі белгілерінің бірі ретінде олардың кем дегенде ішінара синтагматикалық сәйкестігі, яғни ұқсас мәнмәтінде қолданылу қабілеті көрсетіледі. Осыған байланысты антонимдер тек мағыналық қарама-қарсылықпен ғана емес, сонымен қатар қолданыс өрісінің ортақтығымен де сипатталады.

М.Л. Мёрфи идиомалық бірліктердегі антонимдердің прагматикалық рөлін атап көрсетеді. Оның пікірінше тұрақты тіркестердегі антонимдер көбінесе тек қарама-қарсылықты білдіру үшін емес, риторикалық әсерді күшейту мақсатында қолданылады (Мёрфи, 2003, б. 182). Сол бағытта Д.А. Круз контекстуалды алмастыра алу критерийін ұсынады: егер екі лексикалық бірлікті бір синтаксистік құрылым аясында алмастырған кезде олардың қарама-қайшылық мәні сақталса, олар антонимдік қатынаста деп бағаланады (Круз, 1986, б. 206).

А.В. Куниннің тұжырымы бойынша, фразеологиялық антонимдердің мағыналарында қарама-қарсылық болғанымен, олар ортақ семантикалық сыңарға ие фразеологизмдер деп танылады да, антонимдік сыңарлы фразеологиялық бірліктер субстантивті, адъективті, адвербиалды, етістікті, одағайлық және модальді түрлерге жіктеледі (Кунин, 1996, б. 68). Фразеологизмдердің антонимдік қатынасы тілдік бірліктердің семантикалық құрылымының ұқсастығына негізделеді. Алайда аталған құрылымда мағына тұрғысынан қарама-қарсы сыңарлардың болуы нәтижесінде антонимдік жұптар қалыптасады.

Фразеологиялық антонимия — фразеологиялық бірліктер арасындағы семантикалық байланыстың бір түрі саналады әрі ағылшын тілі фразеологиясы жүйесінде белгілі бір ішкі жүйені қалыптастырады (Алехина, 1991, б. 23). Демек, фразеологиялық антонимдер – лексикалық мағыналары бір-біріне қарама-қарсы келетін, сонымен қатар сыңарлары өзара ұқсас әрі лексика-грамматикалық сипаты ортақ (яғни бір сөз табына бірдей қатыстылығы бар) фразеологизмдердің жұбы немесе тобы.

Лексикалық антонимдерге қарағанда фразеологиялық антонимдік құбылыстың аз болуы семантикалық тұрғыда қарама-қарсы бірліктердің өзара сәйкестігін талап ететіндігімен түсіндіріледі. Оған қоса мағыналары қарама-қарсы фразеологизмдер әрдайым антоним бола бермейтінін де ескеруіміз керек (Сидоренко, 1982, б. 97).

Қарастырылып отырған екі тілдегі антонимдік фразеологизмдер семантикасы жағынан ұқсас болып, оларды фразеосемантикалық топтарға біріктіруге болады. Дегенмен әр тілдің құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты

олардың бейнелік сипаты ерекше болып қалады және халықтың дүниетанымын, ойлау ерекшелігін көрсетеді (Тукешова, 2022, б. 7).

Бұл өзгешелікті Ғ. Қалиев пен Ә. Болғанбаев та өз зерттеулерінде қарастырады: “Шындық өмірдегі заттар мен құбылыстардың, әрекеттердің қарама-қарсылығына негізделген лексикалық антонимдерден фразеологиялық антонимдердің басты ерекшелігі – қарама-қарсы мағыналарды бейнелеп, мәнерлеп білдіретіндігенде” (Қалиев, Болғанбаев, 2006, б. 204). Ғалымдар фразеологиялық антонимдердің құрылымы жағынан екі түрлі сипатта кездесетінін көрсетеді:

1) құрамы жағынан мүлде өзгеше емес, тек бір компоненті арқылы ғана ерекшеленетін фразеологизмдерден болған фразеологиялық антонимдер. Мұндай фразеологизмдердің өзгертін компоненттері бір-біріне қарама-қарсы сөздерден тұрады. Мысалы: *аты шықты – аты өшті, беделі артты – беделі түсті, қабағы ашылды – қабағы салбырады*, т.б.

2) құрамы, құрылымы бір-бірінен өзгеше фразеологизмдерден жасалған фразеологиялық антонимдер. Бұл сияқты фразеологиялық антонимдер құбылысты, мән-жайды салыстырудан туған мағыналық қарама-қарсылық байқалады. Мысалы: *мойны босады – қолы тимеді, шөлі қанды – қаны кепті, ақ ниет – арам ой* (Қалиев, Болғанбаев, 2006, б. 204).

Қазіргі ағылшын тілінде фразеологиялық антонимдерді семантикалық тұрғыдан бірнеше типке жіктеуге болатынын айта келе, ғалым Ю. Апресян лексикалық антонимдердің семантикалық классификациясын ұсынған (Апресян, 1974, б. 288–297):

- Бірінші тип «бастау – аяқтау» оппозициясына негізделеді. Мұнда әрекеттің басталуы мен аяқталуы қарама-қарсы қойылады және бұл құбылыс антонимдердің градуалды сипатын көрсетеді.
- Екінші тип «әрекет – әрекет нәтижесін жою» қатынасын білдіреді. Мұнда белгілі бір іс-әрекетті жүзеге асыру мен оны шектеу немесе кері бағытта өзгерту мағыналары қарама-қарсы қойылады. Бұл жағдайда антонимия динамикалық сипатқа ие болып, әрекет пен оның нәтижесі арасындағы байланысты ашады.
- Үшінші тип бағалау семантикасына негізделіп, «жақсы – жаман», «дұрыс – бұрыс», «адал – арам» сияқты қарама-қарсылықтарды қамтиды. Бұл топтағы фразеологиялық бірліктер адамның іс-әрекетіне, мінез-құлқына немесе әлеуметтік нормаларға қатысты бағалауыштық мағына білдіреді. Кейбір жағдайларда бұл оппозициялар арасында бейтарап немесе аралық мағынаның болуы әбден мүмкін.

- Төртінші тип «көп – аз» қатынасына негізделген градуалды антонимдерді қамтиды. Бұл топқа мөлшер, қашықтық, салмақ, күш, жылдамдық және абстрактілі қасиеттер сияқты әртүрлі параметрлер бойынша қарама-қарсылықтар жатады. Мұндай антонимдер шкалалық сипатқа ие болып, олардың арасында аралық деңгейлердің болуы заңды құбылыс болып табылады.
- Бесінші типке әртүрлі семантикалық өрістерге жататын антонимдер кіреді. Бұған байлық пен кедейлік, адамның ішкі қасиеттері, сыртқы келбеті, эмоционалдық күйі, тәжірибе деңгейі және интеллектуалдық сипаттары сияқты ұғымдар арасындағы қарама-қарсылықтар жатады. Бұл антонимдер тілдің дүниетанымдық және мәдени ерекшеліктерін айқындайды.

Осылайша, фразеологиялық антонимдер жүйесі көпқырлы құрылымға ие болып, олардың семантикалық типтері әрекеттің бағытына, бағалау сипатына, градуалдылық деңгейіне және түрлі концептуалдық өрістерге негізделеді. Бұл құбылысты зерттеу тілдің фразеологиялық қоры арқылы халықтың дүниетанымын, мәдениетін және когнитивтік ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Дене тілін белгілейтін фразеология мәселесі XX ғасырдың екінші жартысынан бастап жүйелі зерттеле бастады. Адам дене мүшелері тілде тек анатомиялық ұғымды білдіріп қана қоймай, метафоралық және символдық мағынаға да ие болады.

Қазіргі тіл білімінде фразеологиялық жүйені антропоэзектік бағытта зерттеу кең өріс алып отыр. Осы тұрғыда А.К. Бакытжанова “Адамның фразеологиялық бейнесін биологиялық, физикалық, психикалық, рухани, діни, интеллектуалдық, әлеуметтік параметрлер негізінде сипаттауға болады” деп пікір білдіреді (2025, б. 10).

Адамның дене мүшелеріне қатысты атаулар негізінде жасалған тұрақты тіркестер – соматикалық фразеологизмдер – ұлттық дүниетаным мен тілдік бейненің маңызды көрсеткіші саналады.

Материалдар мен әдістер

Салыстырылып отырған екі тілдің материалы негізінде антонимдік фразеологизмдердің мағынасы көбіне адамды сипаттауға бағытталатыны анықталды, яғни адамның сыртқы келбетін, мінез-құлқын, түрлі қасиеттері мен жай-күйін бейнелеуде фразеологизмдердің қарама-қайшылыққа құрылуы айрықша қызмет етеді. Зерттеуімізде қарастырылған қазақ тіліндегі эмпирикалық материалдар І.Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінен» (1977),

ал ағылшын тіліндегі дене тілін белгілейтін фразеологизмдер Oxford Dictionary of English Idioms (Айто, 2020) сөздігінен, Cambridge Dictionary, Collins Online Dictionary және Reverso Dictionary, т.б. электронды сөздіктерінен іріктеу әдісі арқылы жинақталды.

Дене тілін белгілейтін фразеологизмдердің мағыналарын семантикалық компоненттерге жіктеу және эмотивті семаларды айқындау мақсатында компоненттік талдау, олардың әртіптес тілдердегі эквиваленттілік деңгейлерін анықтау, сондай-ақ іріктелген дене тілін белгілейтін фразеологизмдерге статистикалық талдау жүргізу үшін құрылымдық кластерлеу әдісі қолданылды.

Әртіптес тілдегі соматикалық фразеологизмдердің антонимдік қатынасын талдауда баламалылықтың толық, жартылай және нөлдік моделдері айқындалып, олардың лексикографиялық берілу ерекшеліктері көрсетіледі (Бэлл, 1991, б. 9).

Нәтижелер

Дене тілді фразеологизмдердің семантикасын модельдеуде арнайы лексемалар–соматизмдер–маңыздырөлатқарады. Соматикалық фразеологизмдер тіл білімінде ғалымдар тарапынан үлкен қызығушылық тудырып келеді. 1964 жылы «соматизм» терминін лингвистика ғылымына эстон зерттеушісі Ф. Вакк енгізген.

Соматизмдердің семантикалық өрісі кез келген әлем тілінде едәуір маңызды орын алады. Дене тілін белгілейтін фразеологизмдер тіл-тілдің фразеологиялық қорының шамамен 30%-ын құрайды (Омиралиева, 1999, б. 4).

Е.Ф. Арсентьева (1989), Ф.Х. Тарасова (1999), З.А. Лайпанова (2007), Д.Н. Еркова (2012) еңбектеріне сүйене отырып, зерттеушілер Н.М. Тукешова, Ф.Х. Тарасова жинақталған фразеологизмдер ішінен адамды сипаттайтын антонимдік фразеологиялық бірліктер фразеосемантикалық тобын бөліп алып, оның құрамында төмендегідей фразеосемантикалық ішкі топтарды жіктеп көрсетеді (Tukeshova & Tarasova, 2024, б. 3):

- адамның сыртқы келбетін білдіретін фразеологизмдер;
- адамның мінезі мен жеке қасиеттерін білдіретін фразеологизмдер;
- адамның физикалық және эмоционалдық күйін білдіретін фразеологизмдер;
- адамның әлеуметтік мәртебесін, орнын білдіретін фразеологизмдер;
- адамның отбасылық қарым-қатынастарын білдіретін фразеологизмдер;
- адамның іс-әрекетін білдіретін фразеологизмдер.

Аталған фразеосемантикалық ішкі топтардың айқындалуы ағылшын және қазақ тілдеріндегі антонимдік фразеологизмдердің семантикалық ортақтығын да айқындайды.

К.Л. Киселёва фразеологиялық антонимдердің қалыптасуы үшін тағы бір маңызды шартты атап көрсетеді. Ол – антонимдік фразеологизмдер арасында тұлғалық ұқсастықтың болуы. Демек, қарама-қарсы мағынадағы бірліктердің құрылымында ортақ элементтер сақталып, тек бір сыңары ғана өзгеруі мүмкін. Олар көбінесе лексикалық немесе мәнмәтіндік (контекстік) антонимдер болып келеді (Киселёва, 2011, б. 355).

Осы тақырып төңірегінде ағылшын-орыс тілдері қатынасында зерттеу жүргізген ғалымдар оппозитивтілік семантикасы ішкі деңгейде де (бір фразеологизмдер құрамындағы компоненттер арасында), сыртқы байланыстар деңгейінде де (басқа фразеологизмдер арақатынасында) көрініс табатынын атап өтеді (Лунькова, Фролова, 2022, б. 1).

Антонимдерді белгілі бір топтарға бөлу олардың қандай да бір айырмашылық белгілері негізінде қарастырылуына байланысты жүзеге асады. Бұл мәселеде А.Е. Гусева құрылымдық айырмашылықтарға сүйене отырып, фразеологиялық антонимдердің мынадай модельдерін ұсынады (Гусева, 2008, б. 328):

1) Бір құрылымды антонимдер

Бұл топқа лексикалық құрамы мен синтаксистік құрылымы толықтай сәйкес келетін фразеологиялық бірліктер жатады. Олардың ішкі қарама-қарсылығы белгілі бір сыңарының мағыналық оппозициясы немесе болымсыз түрі арқылы жасалады. Аталған топ екі кіші модельге бөлінеді:

а. Болымдылық/болымсыздық моделі. Мұнда фразеологизмнің мағыналық қарама-қарсылығы болымды/болымсыз түрі негізінде жүзеге асады.

б. Қарама-қарсы сыңар моделі. Бұл жағдайда фразеологизмдердің құрылымдық моделі сақталып, бір ғана сыңары семантикалық оппозицияға түседі.

2) Өртүрлі құрылымды антонимдер

Бұл топқа синтаксистік құрылымы мен лексикалық құрамы жағынан айырмашылығы бар, бірақ жалпы мағыналық мазмұны қарама-қарсы фразеологизмдер жатады. Мұнда антонимдік қатынас құрылымдық сәйкестікке емес, семантикалық оппозицияға негізделеді.

Сонымен, антонимдік фразеологизмдердің құрылымдық типологиясы олардың лексика-синтаксистік ұйымдасу ерекшеліктеріне және мағыналық қарама-қарсылықтың берілу тәсілдеріне сүйене отырып айқындалады.

Дене тілін белгілейтін фразеологизмдердің қазақ және ағылшын тілдеріндегі антонимдік жұптық модельдерін аударматану тұрғысынан

қарастыруда біз ғылыми еңбектердегі осы көрсетілген жіктелімдердің негізінде бір құрылымды және әртүрлі құрылымды деп бөліп қарастырамыз.

Талқылау

Зерттеу жүргізу барысында бай эмпирикалық материалды бір тілдік және екі тілдік сөздіктер берді. Ізденіс жұмысымыздың мақсатына орай 5 негізгі сомаға қатысты дене тілін белгілейтін фразеологизмдер талдауға түседі. Нақтырақ айтқанда, саны жағынан ең көп әрі қолданыс жиілігі басым *көз, жүрек, қол, бас, тіл* сомалары қатысты фразеологизмдердің антонимдік модельдері алынды. Атап айтқанда, қазақ және ағылшын тілдері сөздіктерінен бір құрылымды антонимдік фразеологизмдерге байланысты жалпы саны – 28 мысал, әртүрлі құрылымды антонимдік фразеологизмдерден 24 мысал іріктеліп алынып, төмендегі кестелерде салыстырмалы-салғастырмалы және аудармашылық талдау жүргізіледі. Алдымен бір құрылымды антонимдік фразеологизмдерге қарасты болымдылық/болымсыздық моделіне байланысты берілген мысалдарға талдау жасалды (1-кесте).

1-кесте. Бір құрылымды антонимдік фразеологизмдер (болымдылық / болымсыздық моделі)

Қазақ тіліндегі дене тілін белгілейтін фразеологизм	Ағылшын тіліндегі баламасы және баламалылық деңгейі	Қазақ тіліндегі антонимдік жұбы	Ағылшын тіліндегі антонимдік жұбының баламасы және баламалылық деңгейі
<i>көзі ілінді</i> (ұйқыға кетті, ұйықтап кетті)	<i>nod off</i> [жартылай]	<i>көз ілмеді</i> (ұйқы көрмеді, ұйықтамады)	<i>not sleep a wink</i> [толық]
<i>бас иді</i> (мойынсұнды, көнді, алдына тізе бүкті, бағынды)	<i>bow to someone/ something</i> [жартылай]	<i>бас имеді</i> (берілмеді, бой бермеді, бағынбады, тізе бүкпеді, кешірім сұрап аяғына жығылмады)	<i>not bow one's head</i> [толық]

<i>тілге келді</i> (сөйлесті; әңгімелесті, мәміле тапты)	<i>have a glib/ready tongue</i> [толық]	<i>тілге келмеді</i> (бір ауыз сөз айтпады, бірден кірісіп кетті)	<i>lose one's tongue</i> [толық]
---	--	--	-------------------------------------

Ұйқы семантикасына байланысты *көзі ілінді* (“ұйқыға кетті, ұйықтап кетті”) (Кеңесбаев, 1977, б. 265) – *көз ілмеді* (“ұйқы көрмеді, ұйықтамады”) (Кеңесбаев, 1977, б. 265) антонимдік жұбына балама ретінде *nod off*¹ – *not sleep a wink*² фразеологизмдері семантикалық тұрғыдан сәйкестік тапқан, дегенмен лексика-грамматикалық тұрғыдан “ұйықтап кетті” мағынасындағы *көзі ілінді* соматикалық фразеологизміне “to begin sleeping, especially not intentionally” мағынасындағы *nod off* фразалық етістігі жартылай балама ретінде алынды, себебі мұндағы *көз* лексемасына сәйкес *eye* сомасы қарастырылмаған.

Келесі жетекшілік ету, бағыну семантикасына қатысты *бас иді* (Кеңесбаев, 1977, б. 96) – *бас имеді* (Кеңесбаев, 1977, б. 96) соматикалық фразеологизміне балама ретінде *bow to someone/something*³ – *not bow one's head*⁴ фразалық тіркестері берілген. Мұнда да “мойынсұнды, көнді, алдына тізе бүкті, бағынды” мағыналарында келетін *бас иді* соматикалық фразеологизмінің болымды нұскасына сәйкес *bow to someone/something* фразалық етістігінің баламасы жартылай екені анық, себебі *бас* лексемасына сәйкес *head* сомасы берілмеген. Болымсыздық нұскасында *not bow one's head* деп дәл балама беріліп, *бас имеді* соматикалық фразеологизмінің мағынасын толық ашады.

Соңғы тілдесу/үнсіздік семантикаларына байланысты берілген *тілге келді* (“сөйлесті; әңгімелесті, мәміле тапты”) (Кеңесбаев, 1977, б. 465) – *тілге келмеді* (“бір ауыз сөз айтпады, бірден кірісіп кетті”) (Кеңесбаев, 1977, б. 532) антонимдік соматикалық фразеологизмдеріне сәйкес келетін *have a glib/ready tongue*⁵ (“have a quick tongue, be quick to reply”) – *lose one's tongue*⁶ (“to lose the power of speech,

¹ *nod off* (n.d.). Cambridge Dictionary. Retrieved 15 March 2026 from <https://dictionary.cambridge.org/dictionary/english/nod-off>

² *not sleep a wink* (n.d.). Cambridge Dictionary. Retrieved 15 March 2026 from <https://dictionary.cambridge.org/dictionary/english/not-sleep-a-wink>

³ *bow to someone/something* (n.d.). Cambridge Dictionary. Retrieved 15 March 2026 from <https://dictionary.cambridge.org/dictionary/english/bow-to?q=bow+to+someone%2Fsomething>

⁴ *bow one's head* (n.d.). Cambridge Dictionary. Retrieved 15 March 2026 from <https://dictionary.cambridge.org/dictionary/english/bow-head>

⁵ *have a glib/ready tongue* (n.d.). Reverso Dictionary. Retrieved 15 March 2026 from <https://dictionary.reverso.net/english-definition/have+a+ready+tongue>

⁶ *lose one's tongue* (n.d.). Collins Online Dictionary. Retrieved 16 March 2026 from <https://www.collinsdictionary.com/dictionary/english/lose-ones-tongue>

esp. temporarily”) толық баламалар ағылшын тілінің сөздіктерінен кездесті, себебі лексика-семантикалық тұрғыдан да, грамматикалық тұрғыдан да толыққанды сәйкеседі.

Келтірілген талдаулардан аңғарылатындай, дене тілін белгілейтін фразеологизмдердің антонимдік жұбының болымдылық/болымсыздық моделін тіларалық беруде негізінен алғанда толық және жартылай баламалы аударма әдістері қызмет етеді.

Бір құрылымды антонимдік фразеологизмдердің екінші тобы – қарама-қарсы сыңар моделіне 3 антонимдік жұп қарастырылды (2-кесте).

2-кесте. Бір құрылымды антонимдік фразеологизмдер (қарама-қарсы сыңар моделі)			
Қазақ тіліндегі дене тілін белгілейтін фразеологизм	Ағылшын тіліндегі баламасы және баламалылық деңгейі	Қазақ тіліндегі антонимдік жұбы	Ағылшын тіліндегі антонимдік жұбының баламасы және баламалылық деңгейі
<i>тіл шешілді</i> (сөзге ерік берілді, еркін сөйлейтін болды)	<i>find one's tongue</i> [толық]	<i>тілі байланды</i> (қорыққаннан, науқастан, еріксіздікпен, т.б. сөйлей алмай қалды)	<i>(be) tongue-tied</i> [толық]
<i>қолы қысқа</i> (кедей, жарлы; қалтасы жұқа)	<i>hard up</i> [жартылай]	<i>қолы ұзын</i> (бұл жерде бай, дәулетті, өрісі кең адам ұғымын беріп тұр)	<i>have deep pockets</i> [жартылай]
<i>маңдайының бес елі бағы бар</i> (бақытты, ырысы тасыған деген мағынада)	<i>born under a lucky star</i> [жартылай]	<i>маңдайының бес елі соры бар</i> (әбден бақытсыз, «қырық» қырсық жабысқан сор қасқа)	<i>born under an unlucky star</i> [жартылай]
<i>оң қабағын берді</i> (жылы шырай, жақсы көңіл білдірді)	<i>give someone a warm welcome</i> [жартылай]	<i>теріс қабақ білдірді</i> (жаратпай, ұнатпай қарады; оң қарамады)	<i>give someone/ something the cold shoulder</i> [жартылай]

Қарама-қарсы сыңар моделі атауы көрсетіп тұрғандай фразеологизмдердің антонимдік жұптарының құрамындағы бір сыңары семантикалық оппозицияға түседі. Бірінші мысалда *тіл шешілді* (Кеңесбаев, 1977, б. 534) – *тілі байланды* (Кеңесбаев, 1977, б. 535) соматикалық фразеологизмдердегі сома біреу (*тіл*), ал етістіктерінің мағыналары қарама-қарсы болып келген. Сөздіктегі мағынасы “сөзге ерік берілді, еркін сөйлейтін болды” деп келетін *тіл шешілді* соматикалық фразеологизміне аударма баламасы ретінде ұсынылған *find one's tongue*¹ фразеологизмі ағылшын онлайн сөздігінде 2 мағынада келеді: 1) to recover the ability to talk, as after shock or embarrassment; 2) to regain one's powers of speech; recover one's poise. Оған қоса қазақ және ағылшын тілі нұсқаларының құрамында *тіл/tongue* сомасының келуі толық баламалылық деңгейінің шартына сәйкес екендігін көрсетеді.

Тіл шешілді соматикалық фразеологизмінің антонимдік жұбы – “қорыққаннан, науқастан, еріксіздікпен, т.б. сөйлей алмай қалды” мағынасын беретін *тілі байланды* соматикалық фразеологизміне “not able to speak because you are shy or nervous” мағынасындағы (*be*) *tongue-tied*² сын есімді тіркесі дәлме-дәл келгендіктен, толық баламалық деңгейіне жатқызамыз.

Кедей/бай адам семантикасын білдіретін дене тілін белгілейтін фразеологизмдердің антонимдік жұбы ретінде *қолы қысқа* (“кедей, жарлы; қалтасы жұқа”) (Кеңесбаев, 1977, б. 347) – *қолы ұзын* (“бұл жерде бай, дәулетті, өрісі кең адам ұғымын беріп тұр”) (Кеңесбаев, 1977, б. 348) бинарлық қатар түзеді. Ағылшын сөздіктерінен *hand* сомасымен келетін баламалар табылмағандықтан, жартылай балама ретінде “in need of money; poor” мағынасындағы *hard up*³ сын есімі мен “have a lot of money or wealth” мағынасындағы *have deep pockets*⁴ фразеологизмін семантикалық тұрғыдан сәйкес келеді деп санаймыз.

Қарастырылатын келесі фразеологизмдердің қос тілдегі нұсқалары да антонимдік жұп құрайды: “бақытты, ырысы тасыған” деген мағынадағы *маңдайының бес елі бағы бар* (Кеңесбаев, 1977, б. 387) және “әбден бақытсыз, «қырық» қырсық жабысқан сор қасқа” мағынасындағы *маңдайының бес елі соры бар* (Кеңесбаев, 1977, б. 387) соматикалық фразеологизмінен қазақ халқында

¹ *find one's tongue* (n.d.). Collins Online Dictionary. Retrieved 16 March 2026 from <https://www.collinsdictionary.com/dictionary/english/find-ones-tongue>

² (*be*) *tongue-tied* (n.d.). Collins Online Dictionary. Retrieved 16 March 2026 from <https://www.collinsdictionary.com/dictionary/english/tongue-tied>

³ *hard up* (n.d.). Collins Online Dictionary. Retrieved 16 March 2026 from <https://www.collinsdictionary.com/dictionary/english/hard-up>

⁴ *have deep pockets* (n.d.). Cambridge Dictionary. Retrieved 15 March 2026 from <https://dictionary.cambridge.org/dictionary/english/have-deep-pockets>

бақыт/бақытсыздық семантикасын жеткізуде *маңдай* сомасының рөлі жоғары болғандығын көруге болады. Ал ағылшын тілінде бұл семантиканы *star* немесе *fortune* лексемаларымен келетін тіркестерден жиі кездестіруге болады. Мысалы, “always have good or bad luck in your life” мағынасы білдіретін *born under a lucky star*¹ – *born under an unlucky star*² фразеологизмдері тек жартылай балама ретінде ғана қабылданады.

Қазақ тілінде адамның көңіл-күй семантикасын айшықтауға қатысатын *қабақ* сомасымен қарама-қарсы сыңар моделіне келтірілген кестедегі келесі мысал: *оң қабағын берді* (“жылы шырай, жақсы көңіл білдірді”) (Кеңесбаев, 1977, б. 418) – *теріс қабақ білдірді* (“жаратпай, ұнатпай қарады; оң қарамады”) (Кеңесбаев, 1977, б. 501) соматикалық фразеологизмдеріне ағылшын тілінде *brow ridge* тіркесімен келетін балама табылмады. Сондықтан мұндағы *оң қабағын берді* соматикалық фразеологизміне жартылай баламалылық деңгейінде “give a welcome to someone/something that is particularly enthusiastic and positive” мағынасындағы *give someone a warm welcome*³ (idioms.thefreedictionary.com) және *теріс қабақ білдірді* соматикалық фразеологизміне *give someone/something the cold shoulder*⁴ (екі мағынада: “a. to treat someone in a cold manner; snub; b. to ignore or shun someone”) фразеологизмін алдық.

Жоғарыда талданған мысалдардан қазақ және ағылшын тілдеріндегі соматикалық фразеологизмдерге өзара толық немесе жартылай балама нұсқаларын табуға болатындығын аңғарамыз. Бұдан екі тілде де фразеологиялық қордың бай екендігіне көз жеткізуге болады.

Зерттеуімізге арқау болған дене тілін белгілейтін фразеологизмдердің антонимдік жұптарын анықтауға қатысатын жіктелімнің келесі үлкен тобы – әртүрлі құрылымды антонимдік фразеологизмдер. Қазақ-ағылшын әртіптес тілдерінде қарастырылған мысалдар құрылымы жағынан ұқсас, дегенмен семантикалық өрісі қарама-қарсы (3-кесте).

